

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 ақпан 1993 ж. N 89. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Экономикалық реформаны одан әрі тереңдету, республикада мемлекеттік меншікті жекешелендіру процестерін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты қызметкерлерінің саны 40 адамға көбейтілсін.

2. Комитет аппараты санының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Төрағасының қосымша екі орынбасарының лауазымы енгізілсін.

Алқа мүшелерінің саны 2 адамға көбейтілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты Қазбек би көшесінің 66-үйіндегі мекен-жайға орналастырылсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызметкерлеріне тиісті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар туғызу үшін Экономика министрлігі мемлекет қаражаты есебінен комитет жүйесіне тұрғын үйлер бөлуді көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі жыл сайын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жекешелендірілген объектілерді тіркеу жөнінде біртұтас жүйе құруы үшін есептеу мен ұйымдық техникаға арналған қор бөліп отырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне қызмет бабында пайдаланылатын екі жеңіл автомобильге қосымша лимит бөлінсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

